

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ
ПРОЦЕССА ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ
В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ

МРНТИ 14.07.05

<https://doi.org/10.48081/PSSR2272>

***А. Ж. Куватов¹, С. Е. Жильгельдинов², С. Н. Аскапов³,
Б. Б. Жумабекова⁴, Е. Р. Оралтаев⁵**

^{1,2,4,5}Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Astana IT University,

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ІШКІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН
АРТТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ**

Осы мақалада студенттердің (дене шынықтыру және спорт мамандарына қатысты) ішкі интеллектуалды әлеуетінің орны туралы айтылған. Сонымен бірге студенттердің (дене шынықтыру және спорт мамандарына қатысты) ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың әдіснамалық негізі қарастырылады.

Жеке мүмкіндік тек «стохастикалық парадигмамен» анықталатынын ескеріп, үш: стохастикалық, эмпирикалық, алгоритмдік парадигмалардың сабақтастығын тұтас алынғаны бағамдалған.

Зерттеу барысында «онтология», «аксиология», «гносеология» ұғымдары дене шынықтыру пәнінде қолданылуы жайлы зерттеу еңбектерінде тапшылығы аңғарылған.

«Онтология», студент өзінің табиғатын зерделеп, өзінің болмысына дене шынықтыру пәнінің, қандай пайда әкелетіні тұрғысынан көмек беретінін байқай алуына бағдарлайтыны туралы жазылған.

«Гносеология» студенттердің дене шынықтыру сабағында тағылымдық-қисындық нысаналардың іс-әрекетте қандай құбылысқа, көрініске, үдеріске қатысты дегенге жауап беріп, олардың тағылымды тани алатын дәрежесіне жете алатынын аңғартқан.

«Аксиология» студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеттерін арттыруда құндылықтар түрлерін ажыратып, өзіне не қажет екенін саралай алу іскерлігін, тәнін билейтін жан азығы білім мен ғылым негізіне жүгініп, жаттығу түрлерін таңдай алу тұжымын орнықтырған.

Кілтті сөздер: «студент», «ішкі интеллектуалды әлеует», «тән», «жан», «рух», «құндылық», «онтология», «гносеология», «аксиология», «жеке мүмкіндік», «парадигма».

Кіріспе

Зияткерлік әлеует және оның құрамдас бөліктері әр түрлі тұрғыдан Дж. Брунер [1], А. В. Бажанов [2], В. В. Давыдов [3] және т.б. ғалымдары зерттеген. Осы мәселенің көптеген еңбектерінде зияткерлік әлеуетті дамыту мәселесі, ең алдымен, білім беру үдерісінің құрамдас бөліктерінің бірі – білім мазмұны, оқу іс-әрекеті, оқу, оқыту тұрғысынан қарастырылған.

Жалпы білім мазмұны мен оқыту мазмұнына қатысты интеллектуалды әлеует мәселелерін зерттеген ғалымдар: Дж. Брунердің еңбектерінде Ж. Пиаженің [4] интеллектуалды әлеуетті өркендету мәселелері зерделенген. Нақтылап айтсақ, балалардың үш түрлі іс-әрекеттеріне тоқталған: қызметі, образға кіруі, белгі-символдары, еске сақтау қабілеттері өзін қоршаған әлем жайлы танымдық тәсілдері секілді іс-әрекеттерін дамытуға бағыт жасаған.

Әлемді образға түсіру шеберлігін ұштаудың мәні ұсынылған. Тіл арқылы түйсінген әсерін іс-әрекетте, қарым-қатынаста түсіндіре алатын әдістердің қалыптасуына көңіл бөлінген.

Балаларды қоршаған ортадағы болып жатқан құбылыстар мен оқиғалардың ықпалы олардың техникалық жағдайына және өміріне үлкен із қалдыратынына дәлелдер келтірген.

Дж. Брунердің [1] талданған бұл еңбегі біздердің бұл зерттеу жұмысымызда студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін қарастырудың көкейкестілігін анықтауға ықпалын тигізді.

В. А. Бажановтың [2] тұжырымдарында биомәдениеттің және конструктивизмнің әлеуметтік жағдайларға өзара қатыстылығы туралы пікір айтылып, олардың мәдениет пен ойлау іс-әрекетіне тікелей ықпалының бар екенін дәлелденген. Әлеуметтік пайымдау мен аталған екі іс-әрекет детермендігін, олардың білім мазмұнының феномендігін айқындайтынына дәйектеме келтірген.

В. В. Давыдовтың [3] қарым-қатынас мазмұнды болғанда, ойлау тәсілдері, өнімді нәтижеге бағдарлап, тұжырымдардың нысандық басым тұстарының мінездемесін қалайды деген ой-пікірі бүгінгіге де пайдалы.

Жинақтау әдісіне құрылған қарым-қатынас адамдарға ой қорытуға, парасаттауға бағыт сілтейтінін дәлелдеген. Тағылымдық ойлауға құрылған қарым-қатынас феноменді ауқымды іске асырады. Ал тағылымсыз сөйлеу – эмпирикалық іс-әрекетіне жататынына тұғырлы тағылым құрған. Біздердің зерттеу нысанымызда В. В. Давыдовтың тұжырымдары студенттердің дене шынықтыру пәнінде олардың ішкі интеллектуалды әлеуеттерін арттырудың барлық тәсілдері мен амал-шарттарын қарастырудың қажеттілігінің өткір екеніне көзімізді жеткізді.

Талданып, феномендігі анықталып, тұжырымдары зердеден өткізілген жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерінде біздің қарастырып отырған мәселелеріміздің толықтай дерлік зерттелмегені байқалды. Нәтижесінде, бүгінгі күні студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеттері білім мазмұнында қарастырылмағаны, оның тағылымдық негіздемесі заманауи мүддесіне сәйкес құрылмағаны, меңгерген біліми-ғылыми нысандарын сабақтастық қағидамен іске асырылуының ұсынылмауы бұл зерттеудің макромәселелігін көрсетеді. Аталып отырған студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруда «тән», «жан», «рух» сияқты ұғымдардың іс-әрекетінің атқаратын қызметі нақтыланбағаны байқалды.

Зерттеушілердің еңбектерінен сараланған мәселеліктер біздің алға қойған мақсатымызды жүзеге асыруға тіректік қызмет атқарады. Нақтылап айтқанда, студенттердің жеке мүмкіндігін диагностикадан өткізу үдерісі арқылы олардың белгісіз қабілеттері айқындалуына жағдай туғызу көзделеді. Бұл орайда, парадигмалық тұрғыда студенттердің жеке мүмкіндігін анықтап, оның дене шынықтыру мен спорт пәнін меңгерудегі жаңа көзқарасын дамытуға бағдар жасалады. Жұмыстың бұл түрінде біздер үш парадигманы [5] негізге алып, студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың ғылыми негізі ретінде ұсынуды жөн көрдік.

Бірінші ретте қолданылатын парадигма – эмпирикалық бағдардағы студенттердің білім мазмұны мен оқыту мазмұнына жаңа көзқарас.

Екінші ретте қолданылатын парадигма – алгоритмдік бағдардағы білім мазмұны мен оқыту мазмұндағы процессуалдық рет тәртібіне жаңа көзқарас.

Үшінші ретте қолданылатын парадигма – стохастикалық бағдардағы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің деңгейіне жаңа көзқарас.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің ішкі интеллектуалдық әлеуетін арттырудың әдіснамалық негізін анықтап, теориялық тұжырымдарын ұсыну.

Зерттеудің болжамы (гипотезасы): егер студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруы зерттеушілердің еңбектерін талдау арқылы өздігінен арттыра алса, оның теориялық тұжырымдары ұсынылса, онда дене шынықтыру пәнін өткізуде студенттердің жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

Зерттеудің міндеттері:

1) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін зерттеушілердің еңбектеріне негіздеп, өркендетуін жүзеге асыру;

2) зерделенген еңбектерге студенттердің өзіндік дүниетанымының құрылуын қамтамасыз етер тәсілдерді қолдану.

Материалдар мен әдістері

Бұл мақалада келесі:

- зерттеу тақырыбына қатысы бар ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, жинақтау, феноменін табу, силлогизм, детерменін анықтау, түзілім құру және т.б. қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Эмпирикалық парадигма [5] студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруда теорияны тәжірибеде 100 % қолдану. Мысалы бұлшықеттердің күші мен мөлшері жаттығулар мен жаттығуларға тікелей байланысты. Жұмыс барысында бұлшықеттерге қан беру күшейеді, жүйке жүйесінің қызметін реттеу жақсарады, бұлшықет талшықтарының өсуі байқалады, яғни бұлшықет массасы артады. Денелік жұмыс қабілеті, төзімділік-бұлшықет жүйесінің жаттығуларының нәтижесі. Неліктен «эмпирика» ұғымы кеңестік дәуірде орындалатын жұмыстарды ұстаздар іс-әрекетпен көрсетіп, оқушылар оны қайталайтын? Оның жауабы: жұмыстың характері оқушылардың жаттығу жасаудағы қажетті теорияға сүйенген техникасын меңгеруге мүмкіндік жасай алмайтын деңгейге түсуіне себеп болғаны. Дәл осы кемшілікті болдырмаудың бір мүмкіндігі алдымен техникаға сүйеніш болатын теорияны білім мазмұны арқылы студенттерге меңгерту – бүгінгі күннің өткір көкейкесті мәселесі. Ұсынылып отырған эмпирикалық парадигма студенттердің дене шынықтыру мен спортқа қатысты жаңа философиялық дүниетанымдарының өркендеуі. Студенттердің философиялық жаңа көзқарастың өркендеуі оқытушы-профессордың сыртқы әрекетімен әкімшіл-әміршіл тұрғыда бұйрықпен орындату орнына, тәрбиеленушілердің өздігінен қажеттілігіне айналуына қолайлы жағдай туғызу көзделеді.

Алгоритмдік парадигма [5] студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруда білім мазмұны меңгеруге тиісті дене шынықтырудың үдеріске қатысты қимыл іс-әрекетін орындау тәртібін нұсқалы тұрғыда қадағалауы.

Стохастикалық парадигма [5] студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруда олардың деңгейлерін анықтауға мүмкіндік беретін нысан. «Стохастика» (белгісіздікті білдіреді) ұғымы әр сабақ сайын студенттердің білім мазмұнын тәжірибеде қолдану мүмкіндігінің белгісіз тұстарын белгілі қылу іс-әрекетімен түсіндіріледі.

Белгісіздікті ұдайы жою диагностика арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде, студенттердің деңгейлері анықталып, олардың келген жерінен алға ілгерлеу траекториясын бағамдауға жол ашылады.

Студенттердің жеке мүмкіндіктерін зерделеу үдерісін ұйымдастырғанда олардың тұлғалық болмысын анықтау мәселесі қарастырылады. Тұлғалық болмысын түсінгендіктен, өз-өзіне ризашылық, сүйспеншілік сезімі оянып, тұлғалық имиджі айқындалып, сенімі беки түседі. Бұл тұжырымдарды біздер онтология нысанына жатқызамыз.

Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың бір ұшы гносеологиялық нысанға қатысты екенін зерттеу барысында анықтадық.

Гносеология (gnosis-білім+logos-ілім) – таным теориясы; таным үдерісінде субъект пен объектінің қарым-қатынасын, білімнің шындыққа қатынасын, адамның әлемді тану мүмкіндіктерін, білімнің ақиқаты мен сенімділігінің өлшемдерін зерттейді. Гносеология адамның әлемге танымдық қатынасының мәнін, оның бастапқы жағдайларын және жалпы негіздерін зерттейді [6].

«Гносеологиялық» ұғымы студенттің дене шынықтыру және спорт пәндерінен меңгерген таным теориясын білдіреді. Бұл жағдайда, дене шынықтыру және спорт пәнінде теориялық нысан студенттердің назарына қабылданып, оның тәжірибеде атқаратын қызметі айқындала түседі. Семестр ауқымында меңгерген теориялық танымы бір-бірімен сабақтасу қағидасымен жүзеге асыру қадғаланады. Жұмыстың бұл түрінде ми қызметінің рөлі зор. Дене шынықтыру жаттығулары ақыл-ой функцияларына жан-жақты ықпалын тигізеді, олардың белсенділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Зейіннің, қабылдаудың, есте сақтаудың тұрақтылығы жан-жақты дене шынықтыру деңгейіне тікелей байланысты екендігі анықталды.

Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісінде аксиологияның атқарар қызметі айрықша.

Аксиология (axia-мәні+logos-ілім) - құндылықтардың табиғатын, олардың нақты өмірдегі орнын, құндылық әлемінің құрылымын және құндылықтардың өзара байланысының философиялық зерттеуі. Адам-бұл барлық нәрсенің өлшемі және ең жоғары құндылық ретінде қарастырылады және оның барлық әрекеттері мен нәтижелері мен салдары «жақсылық» және «жамандық» категориялары тұрғысынан қарастырылады [7].

«Аксиология» ұғымы дене шынықтыру және спорт пәніндерінен студенттердің меңгерген рухани құндылығы дегенге саяды. Мысалы, жаттығулардың құндылықтарын төмендегі кестемен ұсынып отырмыз.

Кесте 1 – Кейбір жаттығу топтарының құндылықтары және оның мағынасы

Жаттығулар тобы	Жаттығулардың ағзаға әсері
Жаяу жүру, жеңіл жүгіру	Денені қалыпты жылыту
Тартудағы жаттығулар	Қан айналымын жақсарту, омыртқаны түзету
Аяққа арналған жаттығулары (отырулар)	Бұлшықетті нығайту, буындар қозғалмалылығы мен қан айналымын жақсарту
Қол мен иық белдеуіне арналған жаттығулары	Қозғалмалылықты арттыру, бұлшықеттерді нығайту
Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулары (алға, жан-жаққа еңкеюлері, шеңберлік қозғалыстар)	Омыртқаның икемділігін, қозғалғыштығын дамыту, бұлшықеттерді нығайту, ішкі ағзалардың жұмысын жақсарту
Іштің, жамбас бұлшықеттеріне, бүйір бұлшықеттеріне арналған жаттығулары	Бұлшықеттерді нығайту
Жүгіру, секіру	Бұлшықеттерді нығайту, жалпы зат алмасуды арттыру
Қорытынды жаттығулары	Тыныштандыратын әсер, дененің қызметін әдеттегі ырғаққа жақындату

Дене шынықтырудың негізгі міндеттері: материалдық және рухани құндылықтар жүйесін құру және адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру негізінде оларды игеруге жағдай жасау. Жеке тұлғаның дене тәрбиесінің негізгі материалдық құндылықтары – бұл моториканың қажетті көлемі, негізгі денелік және арнайы қасиеттердің дамуының белгілі бір деңгейі, дененің әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің функционалдығы. Жеке тұлғаның дене тәрбиесіне құндылық қатынастарын қалыптастыруда ең маңыздылары:

- дене шынықтырудың объективті нысандарының құндылықтары;
- тарихи құндылықтар (ұлы спорттық жеңістер тарихы, спорт түрлерінің қалыптасуы, дене шынықтыру саласындағы көрнекті адамдардың қызметі);
- құндылықтар-қоғамдық қатынастар (спортқа, денсаулыққа, дене шынықтыру персоналдарына);
- дене шынықтыру құндылықтары (дене дамуы, дене шынықтыру-спорттық іс-әрекет үдерісіндегі ағзаның жағдайы),
- рухани-адамгершілік құндылықтар (жоғары рухани идеалдың болуы; игі мақсаттарға қызмет етуге өмірлік көзқарас: Отан, жақынға; әлемге эстетикалық көзқарас; өзін-өзі дамытуға ұмтылу; дене шынықтырудың объективті құндылықтарын қабылдау),

- психикалық құндылықтар (қозғалыс белсенділігі, адам ағзасының жұмыс істеуі, денсаулықты сақтау тәсілдері туралы білім; тұлғааралық қарым-қатынас; жеке өзін-өзі растау).

Қазіргі қоғамның дене шынықтыру мен спорттың құндылық әлеуеті туралы айта отырып, құндылықтардың екі деңгейін ескеру қажет: әлеуметтік және жеке құндылық.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік құндылықтарына мыналар жатады:

- зияткерлік (адамның дене белсенділігін, спорттық дайындығын, шынығуын, салауатты өмір салтын ұйымдастырудың негізі ретінде оның денелік әлеуетін дамытудың әдістері мен құралдары туралы білім);

- қимыл-қоғалыстық (дене шынықтыру және спорттық дайындық үдерісінде қол жеткізілген жетістіктерінің ең жақсы үлгілері, адамның жеке жетістіктері, оның нақты әлеуеті);

- технологиялық (әдістемелік нұсқаулар кешені, практикалық ұсыныстар, сауықтыру және спорттық жаттығулар әдістері, денелік белсенділікті ұйымдастыру қалыптары, оны ресурстық қамтамасыз ету).

Дене тәрбиесі – дене тәрбиесінің құндылық әлеуетін игеру арқылы мәдениет арқылы студент тұлғасын тәрбиелеу. Бұл, ең алдымен, жеке тұлғаның дене шынықтыруын қалыптастырудың педагогикалық үдерісі. Дене шынықтыру тәрбиесінің мазмұны үш негізгі бағытты қамтиды: әлеуметтік-психологиялық, зияткерлік және қимыл-қозғалыс (дене тәрбиесі) тәрбиесі.

Әлеуметтік-психологиялық тәрбиенің мәні өмір философиясын, сенімділікті, дене шынықтыру құндылықтарын дамытуға қажеттілік-белсенділік қатынасын қалыптастыру үдерісіне дейін азаяды. Егер дене шынықтырудың жеке құндылықтарын адам сезінсе, өмірлік және қажетті деп түсініп, түсінсе және құндылық бағдарлары белсенді дене шынықтыру және спорттық іс-шаралармен күшейтілсе, әлеуметтік-психологиялық тәрбиенің оң әсеріне қол жеткізіледі.

Интеллектуалды білім мазмұны адамның денелік біліммен тығыз байланысты философиялық, медициналық және басқа да аспектілерді қамтитын теориялық білім кешенін қалыптастыру мүмкіндігін болжайды.

Дене тәрбиесінің нақты бөлігі қимыл-қоғалыс мәселелерін шешуді қамтиды: денелік қасиеттерді, қозғалыстарды басқару дағдыларын, сондай-ақ, денелік әлеуетті ұтымды пайдалану мүмкіндіктерін таба білу іскерліктері жаттығуы қажет.

Дене шынықтыру пәнінің құндылықтары мен оның тағылымдық-танымдық мәселелері де зерттеуден тыс қалып келгені байқалды.

Қорытынды

XX ғасырдың аяғында XXI ғасырдың басында интеллектуалды әлеует жайлы зерттеу еңбектері тек қана педагогика мен психология ғылымында ғана емес, басқа ғылым салаларында да көп зерттелген нысанның бірі. Бірақ қанша зерттелсе де, тұлғаның, студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеті жайлы нұсқалы, арнайы жазылған еңбек жоқтың қасы. Көптеген ғалымдар В. В. Давыдовтың, М. Н. Скаткинның [8] еңбектеріне сүйеніп жазған. Онда мынадай – «сыртқы қозғаушы күш» деген ұғым бар. Осы ұғым туралы қанша айтқанымен, ішкі интеллектуалды әлеуетінің қорлануы деген мәселеге назар аудармай келе жатыр. Осы жағдайда біздің зерттеу еңбегімізде үлкен көкейкесті мәселе осы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеті тек қана дене шынықтыруда ғана емес, барлық білім мазмұнына қажетті және ол өткір, көкейкесті екендігін мойындай отырып, осы мәселенің әдіснамалық негізіне аса назар аударуды жөн көрдік.

Зияткерлік әлеует алдымен ішкі интеллектуалды әлеуеттен туындайды. Ішінде түгі жоқ, ештеңені парасаттамайтын, пайымдамайтын, миына сақтап, жадында ұстамайтын интеллектісі жоқ (ғылымға байланысты) адамдарда ешқандай кәсібилік болмайды. Осы мәселені қопарып, үлес қосқан Дж. Брунер, А. В. Бажанов, В. В. Давыдов және т.б. ғалымдар білім беру үдерісі дей отырып, білімді өздігінен меңгеретін субъектілердің ішкі әлеміне біраз тоқталған. Бірақ осы ішкі әлемге байланысты айтылған тұжырымдарға ғылыми құнды тұстарына назар аудармай келе жатқанымыз қиын-ақ. Мәселен, Ж. Пиаженің интеллектуалды әлеуетті өркендету мәселелері өте мықты зерделенген. Әлемді образға түсіру деген социализмнен бізге белгілі сөз. Бірақ осы әлемді картинаға, суретке түсіру неменеге байланысты? Бұл психологиялық тұрғыда Гештальт теориясына байланысты суггестивті қабылдау деген ұғым. Ал суггестивті қабылдау ол көптеген ғылымның басын қосатын интеграциялық тұрғыдағы әдіснамалық білімді өркендетуге үлкен тірек болады. Бұл дегеніміз әлемді образға түсіру. Бұл психологиялық тұрғыда да, педагогикалық тұрғыда да, екеуі қатар жүреді. Немесе студент өзінің қоршаған ортасына назар аударып, өзіне керегін алатындай ішкі әлеміне соны құндылық ретінде жіберетіндей болу керек. Міне осы сынайда, біздер өзіміздің еңбегімізде үш түрлі парадигмаға ерекше назар аудардық. Әрине бұл тағылымдық жағынан.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Брунер, Д. С. Психология познания. За пределами непосредственной информации. – М. : Директ-Медиа, 2008. – 782 с.

2 **Бажанов, В. А.** Социум и мозг : биокультурный со-конструктивизм // Вопросы философии. – 2018. – № 2. – 77–87 с.

3 **Давыдов, В. В.** Проблемы развивающего обучения : Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. – М. : Педагогика, 1986. – 240 с.

4 **Пиже, Ж.** Психология интеллекта. – СПб., 2003. – 192 с.

5 **Жұматаева, Е.** Білімденудің инновациялық технологияларын интеллектуалды ұлт құрау үдерісінде тиімді қолданудың мүмкіндігі : монография [Текст]. – Павлодар : Кереку, 2014. – 152 б.

6 **Швырёв, В. С.** Гносеология / Гуманитарный портал : [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий, 2002–2021.

7 **Шохин, В. К.** / Аксиология // Новая философская энциклопедия : в 4 т. / пред. науч.-ред. совета В. С. Стёпин. – 2-е изд., испр. и доп. – М. : Мысль, 2010. – 2816 с.

8 **Скаткин, М. Н.** Методология и методика пед. исследований. – М., 1986. – 152 с.

9 Павлов, И. П. Общие типы высшей нервной деятельности животных и человека. – М. : Директ-Медиа, 2008. – 50 с.

10 **Жұматаева, Е.** Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесінің теориясы : Оқу құралы / Е. Жұматаева. – Алматы : Эпиграф, 2016. – 260 б.

REFERENCES

1 **Bruner, D. S.** Psikhologiya poznaniya. Za predelami neposredstvennoy informaczii [Psychology of cognition. Beyond the immediate information]. – Moskva : Direct-Media, 2008. – 782 p.

2 **Bazhanov, V. A.** Socziium i mozg : biokulturny so-konstruktivizm [Society and the brain : Biocultural co-constructivism] // Voprosy filosofii. – 2018. – № 2. – 77–87 p.

3 **Davydov, V. V.** Problemy razvivayushhego obucheniya: Opyt teoreticheskogo i eksperimentalnogo psikhologicheskogo issledovaniya [Problems of developmental learning : The experience of theoretical and experimental psychological research]. – Moscow : Pedagogika, 1986. – 240 p.

4 **Piazhe, Zh.** Psikhologiya intellekta [Psychology of intelligence]. – SPb., 2003. – 192 p.

5 **Jymataeva, E.** Bilimdenýdiń inovasiyalyq tehnologialaryn intellektýaldy ult quraý úderisinde tiimdi qoldanýdyń múmkindigi [The possibility of effective use

of innovative educational technologies in the process of forming an intellectual nation] [Text] : monografia. – Pavlodar : Kereký, 2014. – 152 p.

6 **Shvyryov, V. S.** Gnoseologiya / Gumanitarny portal : [Epistemology / Humanitarian Portal] [Elektronic resource] // Czentr humanitarnykh tekhnologii, 2002–2021.

7 **Shokhin, V. K.** / Aksiologiya // Novaya filosofskaya encziklopediya [Axiology // New Philosophical Encyclopedia] : v 4 t. / pred. nauch.-red. soveta V. S. Styopin. – 2-e izd., ispr. i dop. – Moscow : Mysl', 2010. – 281 p.

8 **Skatkin, M. N.** Metodologiya i metodika ped. issledovanij [Methodology and methodology of pedagogical research]. – Moscow, 1986. – 152 p.

9 **Pavlov, I. P.** Obshhie tipy vysshej nervnoj deyatel'nosti zhivotnykh i cheloveka [General types of higher nervous activity of animals and humans]. – Moscow : Direct-Media, 2008. – 50 p.

10 **Jumataeva, E.** Jogary mektepte oqytydyn birtutas didaktikalyq juiesinin teoriiasy [Theory of the unified didactic system of Higher Education] : Oqy quraly / E. Jumataeva. – Almaty : Epigraf, 2016. – 260 p.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

*А. Ж. Куватов¹, С. Е. Жильгельдинов², С. Н. Аскапов³,
Б. Б. Жумабекова⁴, Е. Р. Оралтаев⁵

^{1,2,4,5}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Astana IT University,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ПОВЫШЕНИЯ ВНУТРЕННЕГО ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТУДЕНТОВ

В данной статье речь идет о месте внутреннего интеллектуального потенциала студентов (в отношении специалистов физической культуры и спорта). Также рассматривается методологическая основа повышения внутреннего интеллектуального потенциала студентов (в отношении специалистов физической культуры и спорта).

Учитывая, что индивидуальная возможность определяется только «стохастической парадигмой», предполагается, что преемственность трех парадигм: стохастической, эмпирической, алгоритмической приобретает целостно.

В ходе исследования были использованы понятия «онтология», «аксиология», «гносеология» в предметной области физической культуры.

«Онтология», написано о том, что студент, изучая свою природу, ориентируется в своем бытии на то, что предмет физической культуры помогает ему с точки зрения того, какую пользу он приносит.

«Гносеология» показала, что на уроках физической культуры студенты могут ответить на вопрос о том, к какому явлению, проявлению, процессу в деятельности относятся учебно-логические объекты, и достичь той степени, в которой они могут распознать свое представление.

«Аксиология» закрепила в повышении интеллектуального потенциала студентов умение различать виды ценностей, дифференцировать то, что ему нужно, подходить к основам знаний и науки, выбирать виды упражнений.

Ключевые слова: «студент», «внутренний интеллектуальный потенциал», «плоть», «душа», «дух», «ценность», «онтология», «гносеология», «аксиология», «личностная возможность», «парадигма».

**A. Kuvatov¹, S. Zhilgeldinov², S. Askapov³, B. Zhumabekova⁴, E. Oraltayev⁵*

^{1,2,4,5}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Astana IT University,

Republic of Kazakhstan. Nur-Sultan.

Material received on 13.06.22.

METHODOLOGICAL BASIS FOR INCREASING THE INTERNAL INTELLECTUAL POTENTIAL OF STUDENTS

In this article we are talking about the place of the inner intellectual potential of students (in relation to specialists in physical culture and sports). The methodological basis for increasing the internal intellectual potential of students (in relation to specialists in physical culture and sports) is also considered.

Considering that personal opportunity is determined only by the «stochastic paradigm», it is advisable to use the continuity of three paradigms: stochastic, empirical, algorithmic.

In the course of the study, the concepts of «ontology», «axiology», «epistemology» in the subject area of physical culture were used.

«Ontology», it is written that a student, studying his nature, is guided in his being by the fact that the subject of physical culture helps him in terms of what benefits it brings.

«Epistemology» has shown that in physical education lessons, students can answer the question of what phenomenon, manifestation, process in activity educational and logical objects belong to, and achieve the degree to which they can recognize their representation.

«Axiology» has consolidated in increasing the intellectual potential of students the ability to distinguish between types of values, differentiate what they need, approach the basics of knowledge and science, choose types of exercises.

Keywords: «student», «inner intellectual potential», «flesh», «soul», «spirit», «value», «ontology», «epistemology», «axiology», «personal possibility», «paradigm».

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Mb RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Mb RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz